

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеру туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 мамырдағы N 603 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 777 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 777 қаулысымен.

"Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 31 мамырдағы
N 603 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеру туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеру туралы ереже (

бұдан әрі - Ереже) келісім-шарттың нысанын, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату, сондай-ақ солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеру тәртібін, олардың бейбіт уақыттағы құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар: Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Республикалық ұлан, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.28. N 340 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына (бұдан әрі - Қарулы Күштер) келісім-шарт бойынша ерікті түрде әскери қызметке қабылданған Қазақстан Республикасының азаматтары келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер (бұдан әрі - келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер) болып табылады .

4. Әскери даярлығын және негізгі функционалдық міндеттерін меңгергеннен немесе жетілдіргеннен кейін, бірақ әскери бөлімге келген күнінен бастап екі айдан кешіктірмей, бұрын әскери ант қабылдамаған келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер оны белгіленген тәртіппен қабылдайды.

2. Келісім-шартпен реттелетін қатынастар

5. Уәкілетті мемлекеттік орган мен келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің (келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданушы адамның) арасындағы қатынастар "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен , басқа да нормативтік құқықтық кесімдермен, осы Ережемен және соларға сәйкес жасалған келісім-шартпен реттеледі .

6. Келісім-шарттың талаптарын бір жақты тәртіппен өзгертуге болмайды.

7. Келісім-шарттың жекелеген талаптарының жарамсыздығы келісім-шартты бүтіндей жарамсыз деп тануға әкеп соқпайды.

8. Келісім-шарттың талаптары, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

3. Келісім-шарттың мазмұны

9. Келісім-шартта мыналар болуға тиіс:

1) тараптардың деректемелері:

уәкілетті мемлекеттік органның атауы, оның орналасқан жері;
уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамының атағы, тегі, аты-жөні
м е н л а у а з ы м ы ;

келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданған адамның тегі, аты-жөні,
оның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні,
әлеуметтік жеке кодының (ӘЖК) нөмірі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТТН);

2) әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт жасасқан адамның
қабылданатын лауазымының (мамандығының) атауы;

3) келісім-шарттың мерзімі;

4) қызметтік міндетін атқаруды бастаған күні және қызметке тағайындау
т у р а л ы б ұ й р ы қ т ы ң н ө м і р і ;

5) қызмет жағдайының сипаттамасы, әскери қызметшіге кепілдіктер мен
ө т е м а қ ы л а р ;

6) жұмыс және демалыс уақытының режимі;

7) еңбекке ақы төлеу және еңбекті қорғау жағдайлары;

8) тараптардың құқықтары мен міндеттері;

9) келісім-шартты өзгерту, бұзу және ұзарту тәртібі;

10) "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының 10-бабы 2-тармағының 3) және 6) тармақшаларында көзделген
талаптармен танысқаны туралы белгі;

11) тараптардың жауапкершілігі;

12) тараптардың қолы, уәкілетті мемлекеттік органның мөрі.

10. Тараптардың келісімі бойынша келісім-шартқа Қазақстан
Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар енгізілуі
мүмкін (1-қосымша).

4. Келісім-шарт мерзімі және оның қолданылу тәртібі, әскери қызметшінің еңбек сіңірген жылдарын анықтау

11. Әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт әскери қызметте болудың
шекті жасына жеткенге дейін келісім-шартты ұзарту құқығымен үш жылға, бес
жылға, он жылға, әскери (арнаулы) оқу орнында оқу мерзіміне жасалуы мүмкін.

Әскери қызметте болудың шекті жасы Қазақстан Республикасының
з а ң н а м а с ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

12. Әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт оған екі тарап та қол қойған
күнінен бастап күшіне енеді және келісім-шарт жасалған мерзім аяқталған соң
немесе оның бұзылуына байланысты өз күшін тоқтатады.

13. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеруші әскери қызметшінің

жалпы еңбек сіңірген жылдарына әскери қызмет уақыты, соның ішінде мерзімді әскери қызметте енгізіледі.

5. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамдарға қойылатын талаптар

14. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамдар мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген разрядына және әскери атағына қарай он тоғыз жастан кіші және әскери қызметте болатын шекті жастан үлкен болмауы;

2) қажетті моральдық және психологиялық қасиеттері, білімі, кәсіби және дене даярлығы деңгейін иеленуі, белгіленген біліктілік нормативтеріне сай болуы.

6. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеруге байланысты шектеулер

15. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің мыналарға құқығы жоқ:

1) саяси партияларда, кәсіподақтарда болуға, жергілікті өкілді органдардың депутаты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға;

2) педагогтік, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, кәсіпкерлік не ақы төленетін басқалай қызметпен айналысуға;

3) әскери мүлікті, техниканы және қызметтік ақпаратты қызметтен тыс мақсаттарда пайдалануға;

4) мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін іс-қимылдарға, ереуілдерді қосалғандар, қатысуға.

16. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты болып сайланған келісім-шарт бойынша әскери қызметші әскери қызметтен босатылады. Депутаттық өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін ол заңнамада белгіленген тәртіппен жаңа келісім-шарт жасаса отырып, әскери қызметке қайта қабылдануға құқылы.

7. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау, келісім-шарт жасасу және оны бұзу

17. Әскери қызметке келісім-шарт бойынша қабылдау әскери қызмет өткеру туралы жасалған келісім-шарт негізінде еріктілік тәртібімен жүзеге асырылады.

18. Әскери қызметке келісім-шарт бойынша қабылданатын адамға қатысты арнайы тексеру жүргізіледі.

19. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке мынадай адам қабылданбайды:

1) белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

2) медициналық мекеменің қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін науқасы бар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулерді өзіне қабылдаудан бас тартқан;

4) соттылығы бар не өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған;

5) әскери қызметке қабылданардың алдындағы бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапқа тартылған немесе қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған.

20. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын кандидаттан бас тартуға мыналар да негіз болып табылады:

1) Ереженің 19-тармағында көрсетілген мәліметтерді бұрмалау немесе Ереженің 25-тармағында көзделген құжаттарды табыс етпеу;

2) Қарулы Күштерде кандидаттың дайындық бейініне немесе әскери мамандығына сай келетін бос әскери қызметтердің болмауы;

3) келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданушы кандидаттың "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Заңмен белгіленген талаптарға сәйкелмеуі.

21. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеру процесінде Ереженің 19 және 25-тармақтары талап ететін мәліметтерді жасырғаны не бұрмалағаны белгілі болған жағдайда, бөлім (мекеме) командирі (бастығы) "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әскери қызметшімен бір жақты тәртіппен келісім-шартты бұзуға құқылы.

22. Келісім-шарт бойынша солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілер 45 жасқа дейін әскери қызметте бола алады. Көрсетілген жасқа жеткеннен кейін олар осы Ережеде белгіленген тәртіппен әскери қызметтен босатылуға жатады. Жоғары кәсіби даярлығын, атқарып жүрген лауазымы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесін және әскери қызметті өткеру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығын ескере отырып, олардың қызмет мерзімі уәкілетті мемлекеттік орган басшысының шешімімен бес жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

Уәкілетті мемлекеттік орган басшысының шешім қабылдауы үшін командир

кандидатуралардың уәкілетті мемлекеттік органға жолданатын тізімін (2-қосымша) ағымдағы жылдың 15 қаңтары мен 15 шілдесіне ұсынады. Шекті жастан тыс әскери қызметте болуға уәкілетті мемлекеттік орган басшысының рұқсатын алған жағдайда, командир осы мерзімге келісім-шартты ұзарту туралы саптық бөлім бойынша бұйрық шығарады және келісім-шарттың екі данасына да (1 және 3-қосымшалар) тиісті жазба жасайды.

23. Солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметке мыналар қабылданады:

1) орта немесе кәсіптік орта білімі бар әскери міндеттілер;

2) мерзімді әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшілер қызмет мерзімі аяқтағаннан кейін;

3) тиісті әскери лауазым бейіні бойынша тектес орта немесе кәсіптік орта білімі мен мамандығы бар, мерзімді әскери қызметтен өтпеген ер және әйел жынесты адамдар.

Бұл ретте, жапастан қабылданатын әскери қызметшілерді сержанттар мен старшиналар лауазымдарына тағайындау, егер олардың жапастағы сержант әскери атағы болған және біліктілік нормативтеріне сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі.

24. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау туралы уәкілетті мемлекеттік органнан нарядты (4-қосымша) немесе өкімді (5-қосымша) немесе әскери бөлімнен командирдің қатынас қағазын (6-қосымша) алған кезде:

1) әскери комиссарлар келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданушының жеке ісін ресімдейді, бұл ретте бұрын әскери есепте тұрмаған әйелдерді есепке қояды. Жеке ісін ресімдеуді аяқтағаннан кейін келісім-шарттың толтырылған формулярының екінші данасы қабылданушылардың қолына беріледі, бірінші данасы жеке ісінде тұрады. Көрсетілген адамдарды әскери есептен шығарады және оларды қолдағы бар нарядтарға, өкімдерге не қатынас қағаздарына сай қызмет өткеру орнына жолдайды. Қабылданушы адамдардың жеке істері белгіленген тәртіппен қызмет орны бойынша жіберіледі;

2) әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары):

басқа әскери бөлімдерге (мекемелерге) келісім-шарт бойынша әскери қызметке түсуге тілек білдірген мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері жөнінде осы әскери қызметшінің жеке рапорты негізінде әскери қызметшінің жеке ісін ресімдейді, оларды әскери бөлімнің (мекеменің) тізімдерінен шығарады және келісім-шарт жасасу үшін нарядқа (өкімге, қатынас қағазына) сай әскери бөлімдерге (мекемелерге) жолдайды.

Жеке істі әскери қызметшінің қызмет өткеру орны бойынша әскери бөлімдерге (мекемелерге) жолдайды;

мерзімді әскери қызметті өткеру орны бойынша әскери бөлімде келісім-шарт

бойынша әскери қызметке қабылдануға тілек білдірген мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілеріне қатысты жеке рапорты негізінде жеке ісін ресімдейді, мерзімді әскери қызметтен босатады, келісім-шарт жасасады және 7-қосымшаға с ә й к е с б ұ й р ы қ ш ы ғ а р а д ы ;

бұрын берілген қатынас қағазына (нарядқа, өкімге) сай әскери бөлімге (мекемеге) келген адамдарға, соның ішінде басқа әскери бөлімнен келген әскери қызметшілерге қатысты олар қызмет орнына келісімен келісім-шарт жасасады және 7-қосымшаға с ә й к е с б ұ й р ы қ ш ы ғ а р а д ы .

Азаматтарды әскери қызметке жаппай ұйымдастырылған қабылдау кезінде іріктеуді жасақтаушы бөлімнің (мекеменің) өкілі жүргізеді. Әскери бөлімнің өкілі қол қойған қатынас қағазы (5-қосымша) үміткерлерді қызмет орнына жіберу үшін негіз болып табылады.

Әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) бұйрығының көшірмесін осы азамат әскери есепте тұрған әскери комиссариатқа, ал бұдан басқа мерзімді әскери қызметті өткерген адамдардікін ол келген әскери бөлімге жібереді.

Нарядты (өкімді, қатынас қағазын) және нұсқаманы ресімдеген кезде міндетті түрде келісім-шарттың түрі мен атауы, ал келісім-шарт бойынша әскери қызметшіні жаңа қызмет орнына ауыстыру кезінде оның қашан, кіммен және қандай мерзімге жасалғаны қосымша көрсетіледі.

Уәкілетті мемлекеттік органдардың штатында тұрғандарды келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау және босату, осы адамдар ақшалай үлесте тұрған органның саптық бөлім бойынша бұйрығымен ресімделеді. Бұл ретте бұйрықтың көшірмесі әскери комиссариатқа және осы адамдар штатында тұрған органға жіберіледі.

8. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау үшін ресімделетін құжаттар

25. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданушы адамдар арнайы тексеруден өтуге және әскери есепте тұрған орны бойынша әскери комиссариатқа немесе мерзімді әскери қызмет өткеру орны бойынша әскери бөлімге (мекемеге) мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) әскери қызметке ерікті түрде қабылдауға тілек білдіргені туралы жеке өтініші (рапорты) (8-қосымша);

2) жеке куәлігінің (төлқұжатының), әскери билетінің, еңбек кітапшасының, білімі туралы құжатының, жүргізуші куәлігінің (басқа да құжаттар), әлеуметтік жеке код беру туралы куәліктің және зейнетақы шартының нотариат куәландыргән көшірмелері;

3) өмірбаяны (басылған және өз қолымен жазылған);

- 4) соңғы қызмет (жұмыс, оқу) орнынан мінездеме;
- 5) азаматтарды тіркеу кітабын берген аумақтық әділет органының мөрімен расталған азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 6) 9x12, 3x4 сурет - 2 данадан;
- 7) әскери қызметке жарамдылығы туралы қорытындысымен медициналық куәландыру картасы (картаға туберкулез, тері-сөз, жүйке-неврология және нарколология диспансерлерінен анықтамалар, флюоро (рентген) грамма, ЭКГ нәтижелері, жалпы зәр, қан және АҚТҚ-ға жалпы тексерулер қоса беріледі);
- 8) сотты болмағаны туралы анықтама.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.21. N 761 (2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

26. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсатты ресімдеу талап етілетін лауазымдарға орналасуға үміткерлер мыналарды қосымша ұсынады:

- 1) с а у а л н а м а ;
- 2) 4 , 5 x 6 - 2 с у р е т і ;
- 3) мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуге рұқсат ресімделетін адамдар үшін , онда медициналық жарамсыздықтар болуын медициналық куәландыру туралы а н ы қ т а м а .

27. Әскери комиссариаттар, әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары) Ереженің 26-тармағында көрсетілген адамдарға жеке істі мынадай құжаттармен толықтырады:

- 1) толтырылған келісім-шарт формуляры;
- 2) дене дайындығын тексеру нәтижелері;
- 3) қызметке қабылданушының қатысуымен толтырылған қызметтері тізімі;
- 4) кәсіби жарамдылығы туралы қорытындысымен бірге психологиялық к ә с і б и і р і к т е у к а р т а с ы .

28. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдауға тілек білдіруші, бірақ мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылуға құқығы бар адамдар әскери есепте тұрған орны бойынша әскери комиссариатқа алдын ала мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) ж е к е ө т і н і ш і ;
- 2) мүдделі адамдар мен халықты әлеуметтік қорғау органдарынан нотариалдық куәландырылған құжаттар.

29. Әскери комиссарлар Ереженің 28-тармағында көрсетілген адамдарға қатысты уәкілетті мемлекеттік органға 28-тармақта көрсетілген құжаттармен бірге мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) шақырылуы кейінге қалдырылғаны және ол адамды әскери міндеттілер есебіне ауыстырғаны туралы аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының х а т т а м а с ы н а н к ө ш і р м е ;

2) осы азаматты ерікті тәртіппен Қарулы Күштерге қабылдауға рұқсат ету қажеттілігінің себептері мен негіздемесі егжей-тегжейлі баяндалған түсіндірме ж а з б а .

Уәкілетті мемлекеттік орган көрсетілген адамды келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау туралы шешім қабылдайды, ол өкіммен ресімделеді (4 - қ о с ы м ш а) .

Барлық құжат өкіммен бірге белгіленген тәртіппен әскери комиссариатқа ж і б е р і л е д і .

30. Ереженің 25, 26, 27-тармақтарында, ал уәкілетті мемлекеттік орган оң шешкен жағдайда Ереженің 28, 29-тармақтарында көрсетілген құжаттар келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамның жеке ісіне е н г і з і л е д і .

Режимдік бөлімдерге әскери қызметшілер лауазымдарына, сондай-ақ құпия жұмыспен байланысты басқа да лауазымдарға іріктелген адамдардың құжаттары құзыретті органдар арқылы ресімделеді.

Бұйрық (7-қосымша) шығару мемлекеттік құпияларға рұқсат ету келісілгеннен кейін ғана жүргізіледі. Осы бұйрық жеке құрамның тізіміне енгізу үшін негіз болып табылады.

31. Келісім-шарт (1-қосымша) жазбаша түрде әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейін екі данада жасалады және тараптар қол қояды. Келісім-шарттың бір данасы әскери қызметке қабылданатын адамға беріледі. Келісім-шарт бланкілерді тіркеу кітабында (9-қосымша) есепке алынады.

Келісім-шартта және қызметке қабылданушыны лауазымға тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген күн келісім-шарт бойынша әскери қызметшінің қызметтік міндеттерін атқаруды бастаған күні болып саналады.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметке кандидаттар бөлімге келісімен бөлім командирінің өз шешімін негіздеген жазбаша бұйрығы бойынша мынаған ж о л д а н у ы м ү м к і н :

- 1) әскери-дәрігерлік комиссиялардың әскери-медициналық куәландыруына;
- 2) келісім-шарт бойынша әскери қызметке азаматтарды қабылдау үшін дене дайындығы нормативі бойынша дене дайындығын тапсыруға;
- 3) психологиялық-кәсіби жарамдылығын айқындау жөніндегі тестілеуге.

Бұл жағдайда бұйрықтың көшірмесі мен қорытындылары уәкілетті мемлекеттік органға жіберіледі.

Келісім-шартқа және жеке ісіне енгізу үшін бұйрықтың (7-қосымша) көшірмесі келісім-шарт бойынша осы әскери қызметші ақшалай үлесінде және штатында тұрған органға жіберіледі.

Келісім-шарт қызметі мәселелерімен айналысатын кадр құрылымы жоқ әскери бөлімдерде (мекемелерде) жеке істер келісім-шарт бойынша әскери

қызметші штатта тұрған әскери бөлімнің (мекеменің) құпия іс қағаз жүргізуінде
с а қ т а л а д ы .

Бұл жағдайда келісім-шарт бойынша әскери қызметшілермен жұмыс жүргізу жөніндегі міндеттерді жүктеу жеке бұйрықпен ресімделеді.

32. Қаржы органы жоқ әскери бөлімдерде (мекемелерде) бұйрықтың көшірмесі келісім-шарт бойынша әскери қызметші ақша үлесінде тұрған әскери бөлімге (мекемеге) жіберіледі.

9. Келісім-шарттың түрлері және оны жасасу тәртібі

33. Әскери қызметке қабылданатын адам осы Ереженің 23-тармағына сәйкес әскери қызмет өткеру үшін келісім-шарттың мынадай түрлерінің біреуін ж а с а с а д ы :

- 1) "А" - "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің кадрларында";
- 2) "Б" - "нақты әскери бөлімнің кадрларында";
- 3) "В" - "нақты әскери бөлімнің нақты лауазымында".

Бұл ретте командирлердің (бастықтардың) құқықтарына сәйкес келісім-шарт жасасудың мынадай тәртібі белгіленеді:

"А" түрі бойынша - уәкілетті мемлекеттік органның келісім-шарт қызметі;

"Б" түрі бойынша - әскер түрінің, округінің, әскерлерінің қолбасшылары және уәкілетті мемлекеттік органның департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының және оларға теңестірілген құрылымдарының бастықтары;

"В" түрі бойынша - бригадаға, құрамаға дейінгі әскери бөлімдердің (мекемелердің) және уәкілетті мемлекеттік органның оларға теңестірілген құрылымдарының командирлері (бастықтары).

34. "В" түрі бойынша алғашқы келісім-шартқа, әдетте, үш жылға қол қойылады, келесі келісім-шарттар әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейін бес жыл және он жыл мерзімге жасалады. Кадет корпусының түлектерімен қабылдау емтихандары басталғанға дейін бес жылға сержант лауазымдарында қызмет өткеруге келісім-шарт жасалады.

35. Келісім-шарт мына лауазымдарға әскери қызметке қабылдау кезінде ж а с а л а д ы :

- 1) қатардағы құрам - үш жылға;
- 2) сержанттар, старшиналар - бес жылға (Кадет корпусының оқушылары 17 жасқа жеткеннен кейін оқуы аяқталғанға дейінгі, аяқтағаннан кейін бес жыл мерзімге "А" түрі бойынша келісім-шарт жасасу міндетімен).

Өз қызметін әскери қызметте болудың шекті жасынан тыс ұзартуға тілек білдірген келісім-шарт бойынша әскери қызметші шекті жасқа жетуге дейін үш ай қалғанда әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне (бастығына) рапортпен (10

- қосымша) өтініш жасайды.

Штат өзгерген кезде тиісті санаттағы келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің штат санын кемітпестен лауазымдарға қайта тағайындау келісім-шарт бойынша әскери қызметшінің рапорты негізінде саптық бөлім бойынша бұйрықтармен жүргізіледі.

10. Келісім-шарт бойынша әскери қызметшінің құқықтары мен міндеттері

36. Келісім-шарт бойынша әскери қызметші мыналарға құқылы:

1) "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" ҚР Заңында көзделген шектеулер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңнамасымен кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) жеке қадір-қасиетінің құрметтелуіне, командирлер (бастықтар) және өзге де лауазымды адамдар тарапынан өзіне әділ және құрметпен қаралуына;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен мемлекет есебінен ақшалай және заттай үлеспен қамтамасыз етілуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылуға, әлеуметтік және құқықтық қорғалуға;

5) біліктілігі, қабілеті, өзінің қызметтік міндеттерін адал атқаруы ескеріле отырып, қызмет бабында өсірілуге;

6) негізсіз айыптаулар болған кезде қызметтік тергеу жүргізілуін талап етуге;

7) өмірі мен денсаулығының қорғалуына;

8) "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органмен келісім-шартты ұзартуға, өзгертуге және бұзуға;

9) қауіпсіздік техникасы мен гигиена талаптарына жауап беретін қызмет жағдайына;

10) демалуға;

11) әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде өміріне және денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның орны толтырылуына;

12) тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты туындаған даулардың шешілуіне;

13) келісім-шартта тараптың атынан әрекет ететін лауазымды адамның өкілеттігін уәкілетті мемлекеттік органның растауын талап етуге;

14) өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жекешелендіру құқығы мен тұрғын үй алуға;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да кепілдіктер мен өтемақылар алуға.

37. Келісім-шарт бойынша әскери қызметші мыналарға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларын сақтауға;

2) "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шектеулерді қабылдауға;

3) келісім-шартқа негізделген әскери қызмет міндеттерін адал орындауға;

4) әскери тәртіп пен қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

5) қызмет процесінде мемлекеттік мүлікке зиян келтірілуіне жол бермеуге;

6) өзіне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттерге сәйкес өкілеттіктерін жүзеге асыруға;

7) келісім-шартқа сәйкес өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік, әскери, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді, соның ішінде әскери қызметті тоқтатқаннан кейін де Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген уақыт ішінде жария етпеуге;

8) адамдардың өмірі мен денсаулығына, мүліктің сақталуына қауіп төндіретін жағдайдың туындағаны туралы хабарлауға;

9) өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде командирлердің (бастықтардың) және өзге де лауазымды адамдардың бұйрықтары мен өкімдерін орындауға.

11. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау және өткеру кезінде оқыту

38. Келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер қызмет кезеңінде жоғары тұрған лауазымға тағайындалу үшін курстық даярлықтың мынадай жүйесі бойынша міндетті оқытудан өтеді:

1) бастапқы әскери оқу (базалық);

2) негізгі әскери оқу (функционалды);

3) сержанттық курс (перспективалық);

4) сержанттық жоғары курс (жоғары).

Келісім-шарт бойынша қатардағы құрам лауазымдарына әскери қызметке барлық қабылданушылар және тиісті әскери мамандық бейіні бойынша мамандығы жоқ адамдар әскери комиссариаттар арқылы бастапқы әскери оқудан өтеді. Оқуды аяқтағаннан кейін бөлімше, взвод және оларға теңестірілген бөлімшелер буындарының қатардағы құрамының лауазымдарына тағайындалады. Оқу әскери-техникалық мектептерде қабылданушылардың таңдаған мамандық

бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

Негізгі әскери оқытудан сержанттар (старшиналар) лауазымдарына тағайындауға жоспарланған және бес жылға келісім-шарт жасасқан, келісім-шарт бойынша 3 жылдан артық қызмет атқарған әскери қызметшілер өтеді. Оқуды аяқтаған соң олар взвод, рота және оларға теңестірілген бөлімшелер буындарының сержанттар (старшиналар) лауазымдарына тағайындалады. Оқыту гарнизонда гарнизон бастығының бұйрығымен құрылатын курстарда және оған теңестірілген уәкілетті органның құрылымдарында жүргізіледі.

Сержанттық курсты келісім-шарт бойынша 5 жылдан кем емес қызмет өткерген, 10 жылға келісім-шарт жасасқан және прапорщиктер (мичмандар) лауазымына тағайындауға жоспарланған әскери қызметшілер өтеді. Оқуды аяқтағаннан кейін бригадаға дейінгі буында және уәкілетті мемлекеттік органдардың оларға теңестірілген құрылымдарында прапорщиктер (мичмандар) лауазымына, сондай-ақ бригададан және уәкілетті мемлекеттік органның орталық аппаратына дейінгі сержанттар (старшиналар) лауазымына тағайындалады. Оқу уәкілетті мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен құрылатын (Қорғаныс министрлігінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрығымен) округтерде құрылатын арнайы мектептерде жүргізіледі.

Сержанттың жоғарғы курсы келісім-шарт бойынша 10 жылдан кем емес қызмет өткерген, қызметтегі шекті жас жағдайына дейін қызметін жалғастыруға тілек білдірген және бөлімдер мен бөлімшелер офицерлері лауазымына, сондай-ақ полктен (жекелеген бөлімнен) бастап округтер мен әскер түрінің штабтарына дейінгі және оған теңестірілген Қарулы Күштер құрылымдарында, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның департаменттеріндегі, бас басқармалары мен басқармаларындағы және орталық аппараттарындағы жұмыстарға тағайындауға жоспарланған әскери қызметшілер өтеді.

39. Оқу уәкілетті мемлекеттік органның басшысы (Қорғаныс министрлігінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрығымен) бекіткен жеке бағдарламалар бойынша жүргізіледі.

Оқытындардың саны және келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің оқуы бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру жөніндегі басқа да ерекшеліктері уәкілетті мемлекеттік орган басшысының (ал Қорғаныс министрлігінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрығымен) келесі оқу жылына шығарылатын бұйрығында айқындалады. Сержанттар (старшиналар) даярлау қажеттілігін айқындау үшін әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) жыл сайын 15 қаңтар мен 15 шілдеге қарай келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер жөніндегі ведомосімен (11-қосымша) бірге, әскери-техникалық мамандар даярлау жөніндегі өтінімді (12-

қосымша) және сержанттар даярлау қажеттілігінің есебін (13-қосымша) ұсынады.

12. Демалыстар

40. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерге демалыс беріледі.

41. Күнтізбелік есеппен жалпы қызмет өткерген жылдарына, олардың әскери қызмет ерекшеліктері мен жағдайларына қарай жыл сайынғы негізгі демалыс ұз а қ т ы ғ ы м ы н а д а й :

1) әскери қызметте 10 жылға дейін қызмет өткергендерге - 30 тәулік; 10 жылдан 15 жылға дейін - 35 тәулік; 15 жылдан 20 жылға дейін - 40 тәулік; 20 жылдан және одан жоғары - 45 тәулік;

2) ұшу жұмысында болғандарға, жауынгерлік кезекшілік атқарғандарға, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жерлерде қызмет өткеретіндерге - 45 тәулік.

42. Келісім-шарт бойынша жеңілдіктер алуға құқығы бар әскери қызметшілерге демалыс олар үшін қолайлы уақытта беріледі.

43. Негізгі демалыс ұзақтығын анықтаған кезде ескерілетін жалпы қызмет атқарған жылдары, әскери қызметшілерге зейнетақы тағайындау үшін қызмет өткерген күнтізбелік жылдарын есептеу үшін белгіленген тәртіп бойынша е с е п т е л е д і .

44. Келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер демалыста жүргенде ауырған немесе отбасы мүшелері (әкесі, анасы, әйелі немесе күйеуі, баласы, туған аға-інісі мен әпке-қарындасы немесе олар асырауында болған басқа да адамдар) қайтыс болған немесе қатты ауырған, сондай-ақ осы отбасының адамдары қасіретке ұшыраған жағдайда гарнизон бастығы бұл туралы әскери бөлім (мекеме) командиріне (бастығына) дереу хабарлап, қосымша ақылы демалыс беруі мүмкін. Науқасы бойынша демалыс емдеу мекемесінің бастығы (бас дәрігері) растаған емдеуші дәрігердің анықтамасы негізінде беріледі.

Кейіннен әскери бөлім жеке құрамының тізімінен шығарылуымен әскери қызметтен босатылуға байланысты берілетін демалыс кезеңінде қосымша ақылы д е м а л ы с т а р б е р і л м е й д і .

45. Ерекше жағдайларда дивизия командирінен бастап, оған теңестірілген және одан жоғары тікелей бастықтың шешімі бойынша негізгі демалысты келесі жылға ауыстыруға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда өткен жылдың демалысы басталған жылдың бірінші тоқсанында берілуі керек, ал егер келісім-шарт бойынша әскери қызметші әскери қызметтен босатылатын болса, онда ол

босатылар жылдың демалысына қосылуы тиіс.

46. Келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерге қосымша ақылы демалыстар беріледі:

1) зиянды (ауыр) жағдайларда міндетін атқарғаны, қызметінің ерекше сипаты үшін (ұзақ іссапарлар, жауынгерлік кезекшіліктің вахталық әдісі және оларды тұрақты орналасқан жерінен ұзақ қол үздірген басқа да жағдайларда) ұзақтығы 10 тәулікке дейін;

2) қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес экологиялық апат аймақтарында қызмет өткеріп жүргендерге.

Жыл сайынғы негізгі демалыс күнтізбелік жыл ішінде оларды пайдалану кезеңін кезектестіруді, әскери бөлімдердің ұдайы жауынгерлік әзірлігін қолдауды ескере отырып және жыл сайынғы негізгі демалыстар кестесіне сәйкес беріледі.

Қосымша ақылы демалыс зиянды, ауыр және ерекше жағдайларда міндеттерін орындаумен шұғылданған, сондай-ақ экологиялық апат аймақтарында қызмет өткерген барабар уақытына беріледі.

47. Қосымша ақылы демалыс жыл сайынғы негізгі демалыспен жинақталып, бір уақытта не бөліп-бөліп немесе бөлек берілуі мүмкін.

Жыл сайынғы негізгі демалыс, ал қосымша ақылы демалыс берілген кезде, оның жиынтығы келісім-шарт бойынша әскери қызметшінің жеке өтініші бойынша екіге бөлінуі мүмкін.

48. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданған (босатылған) жылы жыл сайынғы негізгі және қосымша ақылы демалыс берген кезде, демалыс ұзақтығы олардың қызмет өткерген жылдарын, ерекшеліктерін немесе қызмет жағдайын ескере отырып, әрбір көрсетілген демалысты 12-ге бөлу және толық қызмет еткен айларының күніне көбейту жолымен ағымдағы жылы қызмет еткен уақытқа барабар есептеледі. Жеке тілегі бойынша мұндай демалыс келесі жылғы негізгі демалысына қосылуы мүмкін.

49. Негізгі және қосымша ақылы демалыстардың жалпы ұзақтығы демалыс өткізетін жеріне және қайтар жолы үшін қажетті уақытын есептемегенде екі айдан аспауы керек.

50. Ерекше жағдайларда келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер тек дивизия командирінен, оған теңестірілген және одан жоғары тікелей бастықтардың жазбаша рұқсаты негізінде демалыстан шақыртылуы мүмкін. Пайдаланылмаған демалыс бөлігі басқа уақытқа, осы күнтізбелік жыл ішінде немесе келесі күнтізбелік жылдың демалысына қосылып берілуі тиіс. Сонымен бірге, егер осы күнтізбелік жыл ішінде берілген демалыстың пайдаланылмаған бөлігі осы күнтізбелік жыл ішінде пайдаланылатын болса, онда келісім-шарт бойынша әскери қызметшіге демалыс өткізетін жеріне дейін және қайтар жолы

үшін ақшалай қаражат беріледі, бірақ, ол шақыртылған пункттен әрі емес, сондай-ақ демалыстан тыс жүрер жолына уақыт беріледі.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметшіні жеткілікті негізсіз демалыстан шақыртқан командирлер (бастықтар) тәртіптік, сондай-ақ қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес материалдық жауапты болады.

51. Демалысы аяқталғаннан кейін дәлелсіз себептермен қызметке шықпаған келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 2-тармағы 2) тармақшасының негізі бойынша запасқа шығаруға жатады.

52. Демалыс уақытында науқастанған келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің демалысы жазылып шығуы бойынша демалыс уақытындағы ауырған күндерінің тиісті санына ұзартылады.

53. Науқасы бойынша демалыс емделу мекемесінде емделуі аяқталғаннан кейін штаттық әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы негізінде беріледі.

Науқасы бойынша демалыс негізгі және қосымша ақылы демалыстар есебіне к і р м е й д і .

54. Ең алдымен денсаулықты сақтау және туысқандық борышты орындаумен байланысты шұғыл әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу үшін әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) демалыс өткізетін жеріне дейінгі және кері қайту жолының уақытын есептемей, келісім-шарт бойынша әскери қызметшінің рапорты негізінде отбасы жағдайы бойынша 10 тәулікке дейін демалыс береді.

Отбасы жағдайы бойынша демалыс жыл сайынғы негізгі демалыс есебіне с а н а л м а й д ы .

55. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерге қабылдау емтихандарына дайындалу және тапсыру үшін, сондай-ақ азаматтық жоғары және орта арнаулы оқу орындарының кешкі және сырттай бөлімінде оқитындарға сессиялар мен қорытынды емтихандар тапсыру үшін оқу демалыстарын береді.

Уәкілетті мемлекеттік органның басшысы Қазақстан Республикасының азаматтық оқу орындарында әскери қызметшілердің оқуы туралы ережеде белгілейтін тәртіппен азаматтық жоғары және орта арнаулы оқу орындарында оқуға келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің тікелей бастықтары рұқсат б е р е а л а д ы .

56. Келісім-шарт бойынша әскери қызметші әйелдерге ана болуына байланысты демалыс беріледі және "Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 маусымдағы N 731 қаулысына сәйкес жәрдемақы т ө л е н е д і .

Келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерге жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы:

1) тікелей перзентханадан бала (қыз) асырап алған әйелдерге (еркектерге) жәрдемақы жүктілігі мен босануы бойынша бүкіл демалысы немесе бала немесе қыз асырап алған күнінен бастап демалысы кезеңі ішінде айлық есептік көрсеткіштің он есе мөлшерінен асырмай төленеді;

2) әйелдерге барлық демалыс уақытына төленеді. Сонымен бірге жүктілігі және босануы бойынша демалыс күндері босанғаннан кейінгі 126 күнтізбелік күн демалыс күндерімен жиынтықталады және бір жолғы жәрдемақы төленеді. Ауыр босанған немесе екі және одан көп бала туған жағдайларда жәрдемақы 140 күнтізбелік күнге төленеді;

3) егер жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы алу құқығы бір жарым жасқа жеткенге дейін бала күтімі бойынша демалыста болған уақытында туындаған және ол аяқталғаннан кейін жалғастырылған жағдайда. Бұл жағдайда аталған демалыс аяқталған бірінші күнінен бастап төленеді.

57. Келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерге жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы мыналарға төленбейді:

1) кінәлілігі анықталған жағдайда әйелдерге тұтқында болған уақытына, сот-медициналық сараптама уақытына, сондай-ақ соттың ұйғарымы бойынша еріксіз емделу уақытына (психикалық аурулардан басқа);

2) бір жарым жасқа жеткенге дейін жалақысы сақталмай бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңінде босанған және осы кезеңде жұмысқа кіріспеген әйелдерге.

58. Жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы жұмыстан босатудың дұрыстығы туралы дау туындаған кезеңде жұмысқа қайта қабылданған жағдайда оған құқығы пайда болған күнінен бастап төленеді.

59. Келісім-шарт бойынша әскери қызметші әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша демалыс олардың рапорты мен медициналық, мекеменің тиісті анықтамасы негізінде беріледі.

Бұл демалыстардың уақыты қызмет өткерген жылдары үшін, қызмет мерзімі шектеулі жерлердегі және биік таулы жерлердегі үздіксіз қызметі үшін, сондай-ақ, зейнеткерлікке шығуға қызмет өткерген жылдарына үстемеақы төлеу үшін әскери атақта қызмет өткерген жылдары мен лауазымдарда қызмет өткерген жылдары мерзіміне есептеледі.

Жүктілігі және босануы бойынша демалыс негізгі және қосымша ақылы демалыстардың есебіне кірмейді. Жүктілігі және босануы бойынша демалыс алдында немесе тікелей содан кейін әйелдерге ағымдағы жылға негізгі және қосымша ақылы демалыс беріледі.

Бала күтімі бойынша демалыс аяқталған жылғы жыл сайынғы негізгі және

қосымша ақылы демалыс осы демалыс біткен күннен бастап күнтізбелік жылдың аяғына дейінгі уақытқа барабар есептеледі.

Бір жарым жасқа жеткенге дейін бала күтімі бойынша қосымша ақылы демалыс әйелдерге олардың тілегі бойынша толық немесе бөлініп беріледі. Келісім-шарт бойынша әскери қызметші әйелдің қызметтік міндеттерін атқаруға ақшалай және заттай үлес түрлерін сақтаусыз ресімделген демалыс мерзімі аяқталғанға дейін де кірісуге құқығы бар.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметші әйел бала күтімі үшін тиісті медициналық мекеменің анықтамасы негізінде қызметтік міндетінен (оқуынан) б о с а т ы л а д ы .

60. Келісім-шарт бойынша әскери қызметші әйелдер бір жарым жасқа жеткенге дейін бала күтімі үшін демалыста болған кезеңде олардың атқарып жүрген лауазымына келісім-шарт бойынша басқа әскери қызметшілер уақытша жіберілуі мүмкін. Бұл жағдайда бала күтімі үшін демалыста болған келісім-шарт бойынша әскери қызметші қызметке шыққанға дейін оның орнына қызметке қабылданушының келісім-шартында (1-қосымша) уақытша алынғаны туралы б е л г і қ о й ы л а д ы .

61. Келісім-шарт бойынша осы әскери қызметшілер штатында тұрған әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары) демалыс беру құқығын п а й д а л а н а д ы .

Әскери бөлімдерде 1 қаңтарға дейін келесі жылға әскери бөлім командирі бекітетін және бұйрықпен жарияланатын негізгі демалыс жоспары жасалады.

Жыл сайынғы негізгі демалыс бүкіл күнтізбелік жыл ішінде ай сайын келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің 10-12 пайызы демалыста болуы есебімен біркелкі беріледі. Демалыс беру құқығын пайдаланатын әскери бөлімдер командирлері жыл сайынғы негізгі демалыстың ай сайынғы мөлшерін жауынгерлік даярлықтың (тапсырмалар орындаудың) қауырт кезеңінде азайтуы және тиісінше бұл мөлшерді жылдың басқа кезеңдерінде ұлғайтуы мүмкін.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметшіге жыл сайынғы негізгі демалысты қатарынан екі жыл бойы бермеуге тыйым салынады.

Демалыс берген кезде Қазақстан Республикасының шегінде демалыс өткізетін жері мен қайтар жолы үшін қажетті уақыт уәкілетті мемлекеттік органда Әскери тасымалдауды ресімдеу жөніндегі басшылықпен белгіленген және олар үшін есеп айырысу тәртібімен есептеледі.

Әскери бөлімдер (мекемелер) штабтары, кадр органдары мен уәкілетті мемлекеттік органның келісім-шарттық қызметі демалыстың берілуін ұдайы бақылауды бекітілген жоспарларға сәйкес жүзеге асыруы және нәтижелері туралы тиісті командирлерге (бастықтарға) баяндауы тиіс.

13. Әскери қызмет өткеру туралы келісім-шартты тоқтату және бұзу

62. Келісім-шарт тоқтатылуы мүмкін:

- 1) егер тараптардың келісімі бойынша келісім-шарт мерзімі ұзартылмаса, мерзімі аяқталғаннан кейін;
- 2) ұйымның таратылуына, санның немесе штаттың қысқартылуына байланысты, егер әскери қызметші ұсынылған басқа лауазымға келіспесе;
- 3) әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыз деп тануына байланысты денсаулық жағдайы бойынша;
- 4) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты.

63. Келісім-шарт бұзылуы мүмкін:

- 1) тараптардың келісім-шарт талаптарын орындамауына байланысты;
- 2) әскери қызметшінің дәлелсіз себептермен қызметке шықпай қалуына байланысты.

64. Келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметші әскери қызметтен мерзімінен бұрын босатылуға құқылы:

- 1) өзіне қатысты келісім-шарт талаптарының елеулі немесе жүйелі түрде бұзылуына байланысты;
